

Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен кәсіпкерлер үшін шағын несие

Мақсатты топ	Қазақстан аумағында 2022 жылғы 5-19 қаңтар аралығында төтенше жағдай енгізу нәтижесінде зардап шеккен Алматы қаласының жұмыс істеп тұрған шағын және микрокәсіпкерлік субъектілері.
Жобаны іске асыру орны	Алматы қаласының 8 ауданы: Медеу, Алмалы, Бостандық, Әуезов, Наурызбай, Алатау, Жетісу, Түркісіб.
Несие мақсаты	Айналым қаражатын толықтыру
Несие беру лимиті	10 000 000 теңгеге дейін
Сыйақы мөлшерлемесі	Жылдық 2%.
Несие беру мерзімі	36 айға дейін. 12 айға дейін – "Алматы "ӘКК" АҚ кепілдік түрінде ішінара қамтамасыз етілген микрокредиттер үшін
Жеңілдікті кезең	Негізгі борышқа – кредит комитетінің шешімі бойынша; Сыйақыға-несие комитетінің шешімі бойынша.
Негізгі борышты өтеу шарттары	1. Аннуитет; 2. Тең үлестермен; 3. Негізгі борышты және/немесе сыйақыны айыппұл санкцияларынсыз толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте мерзімінен бұрын өтеудің ең аз сомасы Қарыз алушының кестесі бойынша кемінде 3 жоспарлы төлемді құрауға тиіс.
Қаржыландыру нысаны	1. Микрокредит беру туралы шарт; 2. Жаңартылатын несие желісі; 3. Жаңартылмайтын несие желісі.
Қамтамасыз ету	1. Жылжымалы және жылжымайтын мүлік; 2. Үшінші тұлғалардың кепілдіктері; 3. Алматы "ӘКК" АҚ кепілдігі; 4. "Almaty "МҚҰ"ЖШС кепілдік саясатына сәйкес басқа да қамтамасыз ету.
Қарыз алушының қосымша шығыстары:	1. Кепілдік мүлікті тәуелсіз бағалау; 2. Кепіл мүлкін сақтандыру; 3. Кепіл мүлкін тіркеу.
Басқа шарттар	1. Саясатқа №2 қосымшада келтірілген құжаттарға қосымша төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шегушінің мәртебесін растайтын құжаттардың бірін ұсыну талап етіледі (мысалы: өңірлік комиссияның залалды өтеу туралы хаттамасы / құқық қорғау органдарынан адамды қаңтардағы оқиғалар кезеңінде тонаушылардың әрекеттерінен жәбірленуші деп тану туралы құжат және т.б.). Қосымша (болған жағдайда) форс мажор туралы куәлік және басқа да құжаттар ұсынылуы мүмкін. 2. Саясатқа №4 қосымшада келтірілген Стоп – факторлар "бизнесі жүргізу/болжанатын жүргізу орнын қарау кезінде клиент ұсынған деректермен елеулі айырмашылықтар анықталған" стоп факторын қоспағанда, ұсынымдық сипатта болады, ол сөзсіз болып табылады. 3. Қарыз алушы жұмыс орындарын сақтау және/немесе ұлғайту жөнінде міндеттеме қабылдайды. 4. 65 жастан асқан жеке кәсіпкерлерді қаржыландыруға рұқсат етіледі.